

«... өлеңге барып айтамын»

Екібастұздың «Өнер» мәдениет сарайында Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ҚР еңбек сіңірген мәдениет қызыметкери, белгілі қаламгер Сайлау Байбосынның 60 жасқа толуына арналған шығармашылық кеші өтті.

Сая МОЛДАЙЫШ

«Өмірге деген өклемді, өлеңге барып айтамын» атты әдеби кешке облыс әкімінің орынбасары Мейрам Бегентаев қатысты. Сондай-ақ, Екібастұз қаласының әкімі Қайрат Нукенов, Баянауыл ауданының әкімі Оразгелді Қайыргелдинов, Қазақстан Жазушылар одағы Павлодар облыстық филиалының директоры Арман Қани, қаламгер туған елке Ақмола облысының Біржан сал, Ерейментай аудандарының басшылары Абай Әлжанов пен Ермек Нығманов, ауданының «Ақсақалдар алқасының» төрағасы Мұрат Рахметов және кеш иесінің жерлестері, екібастұздық зиялы қауым екілдері мен жырсүйер көрермен және Ерейментай жерінен «Ереймен сазы» этнографиялық фольклорлық ансамблі қатысты.

Әдеби кеш шымылдығын Екібастұз қаласындағы «Атамұра» халықтық үлт аспалтар ансамблі Н.Тілендиевтің «Әлқисссасымен» және «Нәзік» хореографиялық би ужымының орындаудаудың қазақ биімден ашты.

М.Бегентаев мерейтой иесіне облыс әкімінің құттықтау хатын тапсыра келіп:

- Сайлау Байбосынды ақындығымен, шығармашылық ізденіштігімен қазақ әдебиетіне қомақты үлес қосып келе жатқан қаламы қарымды қаламгер деп танимыз. Ол - бірқатар тарихи кітаптардың авторы, өлеңдері әнге айналды, сатирик ретінде де көшпілікке қеңінен танылған азамат. Жазғанызыдан жазарының көп болсын,- деп кеш иесіне шығармашылық табыстар тіледі.

Кезінде Жамбыл бабамыз: «Адамдықты айт, елдікті айт, батырлықты айт, Ел бірлігін сақтаған ақындықты айт» деп жыrlаған екен. Сайлау Байбосын да - ақын ретінде қалтқысы жоқ, қылаусыз шыныайы сирыймен, мұнымен «адамдықты, елдікті» жырлап келе жатқан тұма бұлак. Сан рет үлкенді-кішілі дубірлі додаларда бәйгенің алдын бермей жүрген бүгінгі әдебиеттің кара шалдырмас қалысыз жүйріп десек, артық болмас. Әр жылдардағы

республикалық «Бір өлең - бір әлем», Үмбеттің жыраудың 300 жылдығына арналған аймақтық мүшәйіраның бас жүлдесін, осыдан үш жыл бұрын Қазақ хандығының 500 жылдығына орай әткен «Алаш тарихының ақиқаты» атты әдеби

байқауда «Баба - байрак» атты дастаны үшін 1-ші орынды иеленді. Одан кейін халықаралық мүшәйірада «Жүсіпбек пен Сұлтанмахмұт» атты поэмасы үшін 2-ші орын алды.

«Кеш те нұрлы,
Дарига-ай тақ да жарық,
Құс жолымен жататын арман ағып.
Қырды қезін сол бала жүретүғын.

Киялымен ғарышты җалғап алып», - деген үркек үміт-арманың Құс жолына жалғаған Сайлау ақын қазақ поэзиясының туын әуелтесе, қаламгер ретінде де қазақ тарихы, рулат шежіресі туралы бірнеше зерттеу кітаптар шығарды. Тарихи танымдық енбектерінің қатарында «Ерейментай», «Қызылтау - құтты қоңыс, киелі аймак», «Қанжығалылар», «Есімдерің жүрсін деп ел есінде», сондай-ақ «Рұх», «Қызылтау» атты жыр синақтары, «Депутаттың бәтенкесі» атты сатираптық әңгімелер кітапта жарыққа шыққан. «Ажалын жогалтқан адам» атты романың авторы.

Кеш барысында қаламгердің «Ерейменнің аруы», «Бөгөнбай батыр», «Күндерім мениң күндерім» атты өлеңдеріне жазылған әндері шырқалып, «Аңсау», «Тұн», «Ақындар», т.б. өлеңдерін балалар жатқа оқыды.

Сайлау Байбосын - шығармашылығымен патша көңілді көпшілікте жүргегінен ойып орын алған ақын. Шығармашылық кеште мерейтой иесін құттықтап, игі тілегін білдірушілер де аз болған жоқ. Арман Қани Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Ұлықбек Есдөүлеттің құттықтауын жеткізdi. Қазақстанның Құрметті журналисті Бадау Имашұлы Астана Журналистер қауымдастырының медалін тапсырды. Кешке қатысқан әкімдер де кеш иесіне тілектерін білдіріп, шығармашылық табыстар тіледі. Астанадағы Еуразия университеттінен келген белгілі алаштанушығалым, филология ғылыминың кандидаты Қайырбек Кеменгер (Қошке Кеменгерулының шебересі), сондай-ақ екібастұздық ақындар да құттықтап, өлеңдерін арнап, тілек білдірді.

Өткен жылы Баянауыл ауданында «Баянауыл ауданының рухани даму коры» күрылған болатын. Сайлау Байбосын осы кордың демеуішлігімен шығып келе жатқан «Ақбеттау» тарихи-танымдық, әдеби-көркем журналының редакторы.



Павлодар облысының Құрметті азаматы Баянауылдық Мұрат Рахметов:

Сайлаудың сан қырлы, алуан сипатты шығармашылығы көпшіліктің шыныайы ықыласын тудырып келеді. Тарихи тұрғыдан зерттеп жазған деректі енбектері, өлеңдері, жалпы қай жаңрға қалам сілтесе де оның табиғи дарынын, осы өнірден шыққан батыр, би, тарихи тұлғалардың есімдерін жаңырытудағы игілікте істерін, жанкешті еңбегін атап өтү керек. «Ақбеттау» бүгінгі күн аудан, облыс қөлемінен шығып, бүкіл елімізге тараала бастады,- дей келіп, ізгі тілегін білдірді.

Баянауыл әкімі Оразгелді Қайыргелдинов кеш иесі Сайлау Байбосынға «Баянауылдың Құрметті азаматы» атағын табыс өтті.

Қаламгер қазір Қорғалжын ауданының тарихи жөнінен деректі кітап жазу үстінде. Міне, осы ауданнан арнайы келген Балташ Медеубаев алдағы уақытта өз елдерінде ауданының 90 жылдығы мен кітаптың тұсауессері, С.Байбосынның шығармашылық кеші бірге үйимдастырылатынын хабарладады. Ізгілікті ic! Жалпы, осына күн қалықтаған ән мен тұмасынан ағылтап жыр, әк, пейілмен ақтарылған тілектер, көпшіліктің толғансызы мен қаламгерге деген ізгі құрмет - қазақтың үлттық әдебиет пен өнерге деген көл-көсір қуанышы, сағынышы мен маҳаббатын танытқандай болды.

«Аллыс - тал тұс» деп тегін айтпайды. Сайлау Байбосын - өмірінің, шығармашылығының, көктемесінде тұр. Жазғанынан жазары көп. Инемен құдық қазғандай тарихты тізбелеп, деректі дүние жазу да оның бір биғі екені хақ. Шығармашылық шабыт ортаймасын!

Екібастұз қаласы.